

**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ**

**1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған**

**«ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ КӨРКЕМ ӨНЕРДЕ»**

**атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары**

**25 қараша, 2021 жыл**

**Алматы  
2021**

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5Қаз)  
Ж43

**ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған.**

**Редакциялық алқа:**

ҚР ҰҒА академигі, Қасқабасов С.А. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Қалижанов У.Қ. – филол.ғ.д., ҚР ҰҒА корр-мүшесі Матыжанов К.С. – филол.ғ.д., Орда Г.Ж. – филол.ғ.д. (жауапты редактор), Қалиева А.Қ. – филол.ғ.к.

**Жауапты шығарушы:**

Қуатбекұлы Е., PhD.

**Пікір жазғандар:**

Хамраев А.Т., филология ғылымдарының докторы.  
Қаныкей Е., филология ғылымдарының кандидаты.

**«Желтоқсан оқиғасы көркем өнерде» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы – 2021. – 132 б.**

ISBN 978-601-230-102-1

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған «Желтоқсан оқиғасы көркем өнерде» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағына қазіргі қазақ әдебиеті мен өнеріндегі Желтоқсан оқиғасының бейнеленуі, оның өзіндік ерекшеліктері туралы зерттеулері енгізіліп отыр.

Жинақ әдебиеттанушы ғалымдар мен PhD докторанттарға, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

ISBN 978-601-230-102-1

© М.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты

**Бақытқожа БАЯЗИТОВ,**

*Әл-Фараби атындағы*

*Қазақ ұлттық университетінің*

*3-курс докторанты*

## **Д. ДОСЖАННЫҢ «АЛАҢ» РОМАНЫ**

Желтоқсан – қазақ елі тарихындағы ұлт болашағына күш қолданылған, қол көтерілген қасіретті беттер. Бұл тақырыптың қазақ романының негізгі тақырыптарының біріне айналуы, ел тәуелсіздігі іргесінің беріктігі, шаңырағының биіктігі, бүгінге жеткен жолымыздың ауыртпалықтарының бір парасы екендігі анық. Бұл тақырып Д. Досжанның «Алаң» романында ел болашағы мен үміті астасқан күйде кезігеді.

Д. Досжан романында көңілді құлазытқан, өз уағында талайды қан жылатқан, қазақ үшін қасіретті – Желтоқсан оқиғасы туралы бір ғана желіде, тек оқиғаны баяндап қана қоймай, қазақ басынан кешкен арғы-бергі зобалаң кездер де, төбеден төнген қара бұлт іспетті халықты үрейлендірген, әуел бастан қырып, жоюды мақсат еткен кеңестің елге еткен зұлымдығы сөз болады. Роман мазмұны «Романға барар жол», «Роман бастауы, жастар көтерілісі», «Роман қақтығыстары», «Роман және сынақ алаңы», «Романның қиын түйіні», «Романның соттағы оқиғасы», «Роман шырғалаңы – ажал» бөлімдерін құрап, болған оқиғаның романда көрінуінің өзін «роман» деп атағанын, жазылып қойылған, болуы алдын ала жоспарланған роман жазу идеясы секілді, өмір шындығының өзін автор «роман» ұғымының ішіне кіргізеді.

Романның алғашқы бөліміндегі кейіпкер Андрей Дмитриевич Сахаров атақты физик ғалым. Автор осы физик арқылы, оның жеткен жетістігін, әлемге әйгі алған атақ абыройы мен адамгершілік асыл қасиеттерін тілге тиек ете отырып, «адам құқын таптау, адамдықтан аттау» жолындағы гебистер (үш әріптің өкілдері) жүргізіп отырған күрес, ашық арсыздық баяндалады. Және де автор мұның бәрін кейіпкері арқылы сөйлетеді.

Жасы отызға жетпей физиканың ең білгірі ретінде танылып, тәжірибелер жүргізіп, отыз екі жасында-ақ, КСРО ҒА академигі, 32, 35, 41 жас кездерінде Социалистік Еңбек Ері жұлдызын үш рет тағады. 43 жасында Нобель, 53 жасында Чино Дель Дук сыйлықтарын алады. 27 ғылыми ортаның құрметті академигі, 12 биік мәртебелі атақтың иегері болыпты.

«Өркениет, бейбіт қатар өмір сүру және жеке бастың бостандығы туралы ойлар» деген ойтолғанысы көптеген елге таралуы, басылуы

жағынан Ленин, Мао Цзедун шығармаларынан кейінгі үшінші орынға шығыпты.

Өзі жайынан осылай қысқаша дерек келтірген кейіпкер ары қарай өзінің аштық жариялауы, оның басты себептері, қол ұшын берген, көмегі тиген адамдар жайында баяндайды. Адам құқығын қорғау жолында бастан кешірген ауыртпалығы, қиыншылығы сөз болады.

Сол Сахаров бөлімнің соңына таман «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысты комиссия құру керек» деп жүрген қазақтың ақын депутатына кеңес беріп, шәйін ішеді.

Қоғамда болып жатқан әділетсіздіктерге, жемқорлық әрекеттерге наразы, ызалы кейіпкер көне оғыз аңызын есіне алады: «заман ақыр боларда дүниеге іңгәлап әжі-мәж деген бала туады дейді. Оның өзге сәбилерден пәлендей айырмасы болмайды. Тек қана қомағайлы сұмдық, анасының емшегін күні-түні сорып, қақтап сауып, ақырында сүтімен қоса қанын таусып... бара-бара шешесінің қу қаңқасын ғана қалдыратын көрінеді... Көзіне түскен жәндікті ұстап аузына тоғытады... жапырақты жұлып жалмайды... өсе келе жұрттың қамбасына жасырын түсіп сүрін, майын, ұнын обып қылғытып жейді, сағат сайын үлкейеді. Әлгі әжі-мәж бір күндері адамға бой бермей ақырып-бақырып алып тауға ұқсап жер астынан шыға келмекші.

Мына үндеместер үкіметтен тиым, құдайдан тәуба болмаған соң өсе келе, үлкейе бере Кеңес елін обып жеп құртатын жәһіл жалмауызға айналып үлгеріпті ғой» [1, 13-14 б.] деп ертедегі аңызды өз заманына теліп, әр заманның өз «әжі-мәж»-і болатынын аңдайды.

«Өзгенің ойымен өмір сүріп, өзін ғана көре білген адам жаман адам, ал өз ойымен өмір сүріп, өзгенің орнына өзін қоя жүрген адам жақсы адам деп Толстой айтқан сөздің жаны бар» [1, 13-14 б.] деген секілді цитаталардың кейіпкер тарапынан алынып, «эпизодтық» кейіпкерлерге қаратыла баға берушілік романдағы кейіпкер болмысын ашуға сеп екенін көруге болады.

Жазған қолжазба естеліктері жоғалған ғалым, 1974 жылы «Өз үйіңе өзің иесің бе» деген мақала жазады. Онда Қырым татарларының қайғылы қасіретті халі сөз болады. Оны үнжарияға бергенімен, бас редакторы басуға тырысып көреміз дегеніменен мақала басылмай, ақыры 8 жылдан соң соңына түскен үндеместердің қолында кетеді. «Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын, біреудің жоғын біреу ысқырып жүріп іздер» деген Қырым татарларының мәтелін осындайда цитат етеді кейіпкер Сахаров.

Кішкентай ұлттар мәселесінде Сахаров жазушы Солженицынмен кереғар пікірде. Сол Солженицын Қазақстанда, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Көктерек ауылында 1953 жылы ақпанда айдалып барып, сонда 1956 жылдың маусымының аяғына дейін болады. Осы беттерде автор қазақ мінезін, табиғатын біраз суреттейді.

«Ақынның көңілін қалдыру – үлкен күнә» деген ежелгі гректер сөзін еске алған ғалым елінің жоғын жоқтап жүрген ақынның «ас ішуге»

шақыруын қабыл алады. Бұл Жоғарғы Кеңес мәжілісінде «Желтоқсан оқиғасын тексеруге жаңа комиссия құру» мәселесін күн тәртібіне енгізуге талаптанған қазақ ақынымен болған әңгімеден кейін еді. Осыдан кейін бұл істің оңға басуы көрінеді.

Екінші бөлім бас кейіпкер Қайран Рысқұлдың «өлім (ату) жазасына» кесілуі, жоғары мәртебелі судья Драбарниктің кесімді қолы қалтырамай оқып беруімен басталады. Әдеттегідей роман кейіпкер баяндауымен жалғасады. «жазмыштан озмыш жоқ» деген кейіпкер Қайран өткен өміріне шолу жасайды: мектеп бітіруі, әскер қатарына алынуы, баруы, келуі, жұмыс істеуі, оқуға түсуі, алаңға шығуы, тергеу істері сөз болады. Тергеушілер Зубченко, Нубаев, Жекенбаевтардың тергеу тәсілдері, істері оқырман сын көзімен оқитын беттер. Бөлімде сондай-ақ, Қайран інісі Талғарға хат жазады.

«Роман қақтығыстарында» оқиғаны баяндайтын кейіпкер – Республика басшысы (бірінші хатшы) – Генрих Васильевич. Кейіпкерлер: Шымкенттегі облыс басшысы – Ырыс Мырза, Шолаққорғандағы аудан басшысы, бірінші хатшының қызы – Марина, атақты шабандоз – Мейірман ақсақал, алаңда қаза болған оператор, жасақшы Советский мен алаңда алған жарақатынан ауруханада үшінші күні көз жұмған Матайұлы Есболдың елестері.

Мазмұнында республика басшысының Шолаққорғанға сапары, жол бойында облыс басшысымен әңгімесі сөз болады. Бұл Желтоқсаннан кейінгі жеті ай өткенде болып жатқан дүниелер. Аудандағы уран өндірісі, экология мәселесі, халық тұрмысы, ел салты, әдет-ғұрпынан, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастан көріністер, Ырыс Мырзамен көлік ішіндегі әңгімеден біраз жайт ашылады. Ал негізгі сапар мақсаты – сайлауға байланысты болады.

Бірінші хатшы күнделігінен «... ағартушы Ильминскийдің жоғарғы мәртебелі губернаторға түсірген хатына көз жүгіртіп шыққан еді...

«... Ауылдарда, старшындарда «ауыл мектебі» деген бүркеншік атпен мектеп ұйымдастырып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, алғашында қазақтардың көңілін табу үшін оларға қазақ мұғалім жіберу керек. Әлгі мұғалімдерге міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалармен орысша сөйлеуді тапсырып, қазақ кітабын оқи алмайтындай жағдайға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбаған жөн... Солай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз. Содан кейін арнайы жарғы шығарылуға тиіс. Сол арқылы қазақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап, оларды крестьяндарға айналдырамыз...» [1, 60 б.] деген сөздерді оқып, ойлана отырған хатшы «... әр ұлттың ұлылығы тілінде деп Толстой айтқан» [1, 61 б.] дейді.

«Халық – бала секілді білдірмей, алдап алсаң бәрін көтере береді деген қай ақын еді...» [1, 61 б.] деп жалғайды билік жайынан ойларын.

«1939 жылғы санаққа зер салса, осы елде жергілікті халықтың саны 38 процентке төмендепті, 1930 жыл мен 1962 жыл аралығында сырттан үш

миллион тоғыз жүз елу мыңнан астам бөтен ұлт өкілдері көшіп келген, көшіріп әкелген.

Байырғы халық осынау ойран ботқаның ішіне сыздықтап құйылған майша жұтылады. Еділ бойынан неміс, Қырымнан татар, терістік Кавказдан қарашай, чечен, малқар күштеп әкелінді. Хрущев-екең абақтыда отырған қандыбалақ қылмысты қауымды түгел босатып, «ал, қазақ жерін игеріп алыңдар», – деп мырзалық пейіл танытқаны ерлікке пара-пар» [1, 77 б.]

Бірінші хатшының елестермен сөйлесуі арасында да автор біраз дерек келтіріп өтеді. Бәрі де жергілікті ұлтқа қарсы бағытталған істердің деректері. Хатшы-кейіпкер бір тарау бойына өз ұстанымы мен пікірін негіздеуде сан түрлі фактілерді сараптап, ой елегінен өткізеді. Жазушы осы деректерді роман желісіне енгізудің, әрі оны баяндайтын тұлға-кейіпкердің психологиялық болмысын ашуда көркемдік эстетикалық тәсілдерді романында ұтымды пайдалана білгенін аңғармау мүмкін емес.

«Роман және сынақ алаңында» автор Дегелең тауында өткізілетін ядролық сынақ алаңының салынуынан жабылуына дейінгі аралық және одан кейінгі уақытты қамти отырып, қазаққа келтірілген зиянды әрекеттер турасында ой толғайды. Кейіпкерлері Дегелеңде туған ұлт зиялылары, тұлғалар. Басты кейіпкерлері – Рым Смақұлы, Бақытбек Рымұлы.

Оқиға 1953 жылы 22 қаңтарда әскери әкімшіліктің жарты бетке толмайтын бұйрық қағазына қол қоюдан басталады.

Жасы сексенге келген ақын Сапарғали Бегалин туған еліне мерейтой өткізуге келеді. Сынақ алаңының зардаптарын көріп қайғырады. Одан кейін Рым Смақұлының күнделігі арқылы Смақ палуан туралы баяндайды. Одан Рымның өзіне келіп, ұлттық рух, азаматтық борышты, адамдық болмысты сақтай білген тұлға ретінде суреттеп, оның отбасы, қоғамдық қызметі сөз етіледі. Үлкен баласы Бақытбектің де еңбегі баяндалады.

«... Әлсізбін, жекемін деп жаси беруге болмайды, әлсіздің әлдіге, әлдінің әрнәрсеге айналуы оп-оңай. Өткен ғасырда елдің шаң-тозаңын жұтып қорланған жапондарды көр, мықтылардың көзтүрткісіне айналған түріктерге қара... тама берсе тамшы да тасты теседі. Қазаққа жігер керек, күндіз күлкіні, түнде ұйқыны азайтып, бейнетке белшеден батып, еңбектену жетпейді» [1, 101 б.] дейді қоғам қайраткері С. Садуақасовтың сұлбасы.

Бақытбек Семей полигоны туралы «Полигон» фильмін түсіруге демеуші болып, жырынды режиссер жолдасына көмек қолын созады. «... Ештемеге таң қалмайтын, селт етпейтін жапондар «Палигон» таспасын пәлен алтын ақшаға сатып алып, ұрпағына аманат етіп, «Хиросима» мұражайына сақтауға қойды. Бұл таспа 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік сыйлығын иеленді». [1, 105 б.]

Автор романында қазақ басынан кешкен тағы бір қасірет жайынан ой-толғанысын оқырманына жеткізеді.

«Романның қиын түйіні» Желтоқсан оқиғасына қатысы бар кейіпкерлердің мінездері ашылып, терең толғаныстары, Қайран Рысқұлдың

алаңға шығып, қайта жатақханасына келуі, Ерсайын, Еркін, Абылайхан төртеуі жасасқан ант, тергеу жұмыстары, қолға түсу, сол аралықта ауылға қашып бару, тергеушілер қулығы мен жалған куәлар келтірудің ашық көрініс табуы, бәрі қым-қуыт оқиға желісін құрап тұр.

«Тірі адамды көкпар ғып тартқызған Қоқан байбатшасын көрдім» деп отыратын атасы Қайран Рысқұлдың есіне түседі. Көкпардың қалай болғаны жайында баяндалатын беттерден [1, 115 б.] шырғалаңға түскен ер тағдырының көкпардан еш айырымы жоқтай көрініп кетеді.

Шығарма бойынан көрінетін 1885 жылғы мамыр айында Шар бойында өткен Қарамола сиязында қабылданған «билер ережесі» және сол ереженің 9-10 баптары [1, 118-119 б.]; аға сұлтандыққа Шоқанмен бірге дауысқа түсіп, жеңіп шыққан Ерден оқиғасы [1, 135-136 б.] секілді қазақ басынан өткерген неше ықылым замандар, зарлы кезеңдер тізбегі ұлттық болмыстың нендей соққылардан сақталып келе жатқан көмпіс те, төзімділігінен екеніне сендіреді.

«Романның соттағы оқиғасы» судья Драбарниктің сотты жүргізуі, айыпкерлерді тыңдауы, өткен күндерді ой елегінен өткізуі, шешімі қиын мәселелердің бір басына үйіліп, алданып қалуы, жолдастарының қызмет орнын ауыстырып жан сақтауы, өзіне тапсырылған барлық істі жауып, қызметінен төмендеуі сөз болса, Абылайханның азапқа шыдамай, сөз айта алмас халде, жалған куәлікке келуі, Ерсайынның опасыздығы сөз болады.

«Ұлттың қамын ойламаған адам дүние қамын ойлап жарытпас» [1, 138 б.] деп жазыпты Қайран қойын дәптеріне. Романдағы оқиға желісіне орай автор пайдаланып отырған осындай түйінді сөздер оқырманын ой жетегіне алып, тереңіне бойлатар тәсілдердің бірі ретінде көрінеді.

Жетінші тарауда Қайранды абақтыға жабады. Семей абақтысына 21-камераға қамайды. Сонда қысқа ғұмырында алты рет сотталған Власты да көшіріп әкеледі. Сол камерада үш түннен кейін Қайран көз жұмады. Семей абақтысына келгелі өмір мен өлім арасында үреймен арпалысып, қанішер Властан қауіптеніп, абақты басшысына басқа камераға ауыстыруын, не Власты ауыстыруын өтінеді. Бірақ ол құлақ аспайды. Қайта өзіне зекіп қоя береді. Үшінші күні дегенде қауіпті расқа шығып, арпалысып жүріп, тыныс алуын тоқтатты. 1988 жыл, 21 мамырда оқиға болған жерге келген тергеуші Сәкенжанұлы, абақты бастығының орынбасары Фунт, облыстық прокурордың орынбасары Милявин, абақты бастығы Кутко, облыстық прокурор Ильяшенко өлген жігітке іс ашып, жеделдетіп хаттама жазып, кешке қарай «көрдік», «зерттедік», «сендік» деп тұжырым жасап, істі тоқтатып, қолдарын қояды. Архивке өткізеді. Қайранды ата-анасы келгенше көміп үлгереді. Власты сәл тергеуге алған болып, кейін басқа абақтыға ауыстырып, ізін сұйылтып жібереді. «Роман шырғалаңы – ажал» бөлімі осылай сан қатпар істердің анық-қанығына жете алмаған күйдегі оқырманға бәрі де аян, жария етуге болмайды деген сарындағы баяндау үлгісін көрсетеді.

Желтоқсан оқиғасы туралы жазылған «Алаң» романы 1993 жылғы басылуында «он бір тарау және түйінді роман» деген қосарлы атаумен басылған болатын. Кейінгі басылымында 2003 жылы жарық көрген жазушының көп томдығының 11 томына кейінгі төрт тарауы мен түйіні енбей, «Роман шырғалаңы – ажал» тарауымен аяқтайды. Ал қысқарып қалған тарауларда Қайраннан бөлек Желтоқсан оқиғасына қатысы бар кейіпкерлердің кейінгі тағдыры арқау болады.

«Романның сын сағаттағы кейіпкері», «Романның 92 жылғы оқиғасы, Абылайхан, Жандар», «Романның 37 жылғы оқиғасы, Мағжан», «Роман сағасы, әкелер көтерілісі» тарауларынан жазушының кейіпкерлері бір мақсатқа, бір мүддеге қызмет еткенін көруге болады.

Д. Досжан қаламынан туған «Алаң» – қазақ баласының өмір алаңындағы талайлы тағдырын бір көркем туынды бойына сыйғызып берген шағын баян.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Досжан Д. Таңдамалы шығармалар. 11-том: Алаң. Роман. – Алматы: Білім, 2003. – 437 б.



## МАЗМҰНЫ

### Әдебиет

<b>ОРДА Г.</b> 1986. Желтоқсан шындығы әдебиетте.....	4
<b>АНАНЬЕВА С.</b> Казахстанская действительность и ее художественное отражение в современной мировой литературе .....	69
<b>ҚҰРМАНБАЕВА А., ПІРӘЛІ Г.</b> Мұхтар әуезов және хх ғасыр басындағы қазақ оқулықтары .....	78
<b>НАЙМАНБАЕВ А.</b> Желтоқсан оқиғасы: көркем шығармадағы идеялық, тақырыптық ерекшеліктері.....	83
<b>ӘБДІҚАЛЫҚОВА И.</b> Қазақ ақындары өлеңдеріндегі желтоқсан тақырыбы....	91
<b>БАЯЗИТОВ Б. Д.</b> Досжанның «Алан» романы .....	100

### Өнер

<b>ҚАЗТУҒАНОВА А.</b> Көркем мәдениет аясындағы «желтоқсан» күйлері .....	107
<b>ТӘШІМОВА М.</b> Бүгінгі драматургиядағы желтоқсан тақырыбы .....	117

**1986 жылғы желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған**

**«ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ КӨРКЕМ ӨНЕРДЕ»**

**атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары**

Редактор: Е.Қуатбекұлы

Корректор: Н.Құдайберген

Верстка және көрнекі  
құрал дизайнері: Рауан

Басуға 12.12.2021 жылы қол қойылды.

Қалыбы 60x90 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman»

Офсеттік қағаз.

Тапсырыс № 655.

ISBN 978-601-230-102-1



9 786012 301021